




# ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

## Герман тілдерінің тарихы





«Герман» сөзі негізі «Жерман» деп аталатын, қазақ тілінің орыс тілі ықпалында болып, көптеген фонетикалық заңдылығы бұзылудың салдарынан орыс тілінің ықпалымен осылай аталып кеткен. Тағы бір мысал ретінде, гректердің әйгілі «Гумер» атауы, орыс тілінің ықпалы негізінде «Гомер» деп айтылады. Қазақтар Кеңес Одағынан бұрын, адам есімдерін алатын болсақ, өзге елдерден алған сөздерді, мәселен ұяң, не қатаң дыбыстардан бастап айтатын. Мысалы, «Хасан» есімін, «Асан», не «Қасан» деп, «Хусейн» есімін «Үсен» деп т.с.с. атаған. Кейін фонетикалық заңдылығымыз бұзылған соң, бүкіл адам, жер, су атауларын орыс тілінің фонетикалық ережесімен айтуға мәжбүрлігінен, не қазақта мәлімет жеткіліксіз болғандықтан, көбіне орыс тілін пайдаланған соң транскрипцияда жер, су, адам атауларын өзіміздің заңдылығымызға бағындырмастан, пайдалана бердік.

Келешекте латын тіліне ауысқанда, фонетикалық заңдылық өте маңызды мәселе екенін ескеріп, соған көңіл бөлінуі қажет. Бір тілдің өз тобынан бөлініп, ұлттық мемлекеттік мәртебеге жетуде, өзінің фонетикасымен өзге тілден алған сөздерді өзіне бағындырып отыруы керек. «Психология», «Социология» сөздерінің ағылшын, не француз тіліндегі түп нұсқасын да дұрыс айтпай, оларды орыс тілінің ықпалымен осылай айтып жүрміз. Осы заңдылықтарды, бір сөздің этимологиясын дұрыс білу үшін комиссия құрылуы керек. Ол комиссияда қазақтың тарихта қандай тілдермен байланысы бар екенін, мәселен қытай, араб, парсы, түркі, орыс т.б. зерттеп алып, өзге тілдерден енген сөздерді қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына бағындыру керек.

Герман тілінің өзі үш топқа бөлінеді: шығыс герман тілдері, батыс герман тілдері, солтүстік герман тілдері. Шығыс герман тілдеріне, гот, вандал, бургунд тілдері жатады. Бұл тілдер жойылып кеткен тілдердің қатарында. Батыс герман тілдеріне, ағылшын, неміс, голланд тілдері жатады. Бұл тілдер өте жоғары деңгейге көтерілген тілдер. Мәселен, 400 млн адам ағылшын тілін, 100 млн адам неміс тілін, 23 млн адам голланд тілін өздерінің ана тілі деп есептейді екен. Осы үш тіл де, герман тілінен ажырап, бөлек бір ұлттық тілге айналып, мемлекеттік стандарттық деңгейі көтерілген, қалыптасқан тілдер қатарына енді. Бұл тілдердің жақын арада жойылуы мүмкін емес. Солтүстік герман тілдерінде, Норвегия, Швеция, Исландия елдерінің 20 млн адамы сөйлейді екен. Бұл елдің тілдері, әлсіз тілдер қатарында болып есептеледі.

Тілдердің басты мәселесі, фонетикалық заңдылық. Фонетика (грек phonetikos – дыбыстық, дауыстық) – тіл білімінің тілдің дыбыстық жағын зерттейтін саласы. Мұны 1822 жылы Якоб Гримм неміс тілінің грамматикалық ережелерін зерттеп жүргенде, осы фонетикалық мәселеге көп көңіл бөлген. Якоб Гримм (1785–1863) – неміс филологы, мифолог, Вильгельм Гриммнің ағасы. Оның ең негізгі лингвистикалық еңбегі – төрт томнан тұратын «Неміс тілі грамматикасы». Якоб Гримм, неміс тілін басқа Еуропа тілдерінен айырмашылығын зерттеп, ол айырмашылық дауыссыз дыбыстардың өзгеруінде болғанын көрсетті. Мәселен, ағылшындарда «толық» деген мағынаны білдіретін full, немістерде voll деген сөздер бар. Неміс тілінің өзіндік фонетикалық ережесі ағылшын тілінен алынған сөзін өзіне бағындырып өзгертіп бағындырып отыр. Бұл тілдердің құдыреті. Қазақ тілі Кеңестік дәуірден бұрын, мәселен Абайды оқыңыз, Шәкәрім т.б. оқыңыз, бәрі де араб, парсы тілдерінен алынған сөздерді қазақтың фонетикалық заңына бағындырған.

1870 жылы Карл Вернер, Якоб Гримм туралы, «Ол неміс тілін ғана зерттеген жоқ, ол жалпы герман тілін зерттеген» деген қорытындыға келеді.

Карл Вернер (1846–1896) – дат филологы, герман тілдерінде дауыссыз дыбыстар өзгерісін түсіндірген ғалым. Карл Вернер Якоб Гриммнің зерттеулерін зерттеп, оның зерттеген аясы, неміс тілінен де зор, көптеген герман тілдеріне жататын тілдерді зерттеп, үш топта дыбыстың өзгерулерін қарастырып, анық жайын түсіндірген. Көптеген ұлттық тілдер табиғи түрде өзінің өзгерісі, қауымдастық, тайпаның өсуімен пайда болатын табиғи заңдылықтармен жүрген. Мәселен, «Пиджин» тілі, «бизнес» сөзінен алынған, көбінесе шегаралас елдердің арасында, екі жақтың сауда-саттығы кезінде, бір-бірінің тілін түсінбей, әуелі ым-ишаратпен, кейін бір сөзбен, одан соң бір сөзге екі сөз қосылып, т.с.с. аясы кеңейген. Сауда жасайтын деңгейге жеткенде, бизнес тілі ретінде, оған «Пиджин» атауы қолданылып кеткен. Кейін пиджин тілі өзіндік даму жолына түсіп, «Креол» тіліне айналады. Бұл тілді белгілі бір қауымдастық, тайпа, ру, топ күнделікті тіршілігінде бизнес тілі емес, бір ұлтқа тән тіл ретінде қолданылады.

Африкаанс – герман тілдер тобына жататын тіл, Оңтүстік Африка Республикасындағы 11 ресми тілдің бірі. XVI–XVII ғасырларда голландтықтардың отаршылдық саясаты және



сауда-саттық, екі мәселесімен Африка елдерімен байланысын жасап жүргенде, екі топ голландтықтармен жақын араласып, байланыста болады. Голландтықтардың саудасы құлдар болған. Африкаанс тілі 90–95%-ы голландық, қалғаны неміс, қойсан тілдерінен алынған сөздерден тұрады. Бұл тіл Африка құрлығында, Африканың оңтүстігі, Намибия, Замбия сияқты елдерде қолданыста екен. Оңтүстік Африкада 7 млн. адам осы тілде сөйлейді. Бұл сол жердің 14%-ды құрайды, былай айтқанда, үшінші тіл қатарында тұр. Көптеген ақпарат құралдарының, газет, журнал, телеарналардың осы тілді пайдалануы, 1933 жылы Інжіл тілінің африкаанс тіліне аударылуы, бұл тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, қазір 15–23 млн адам осы тілде сөйлейді екен. Бір елдің тілі 10 млн адамды қамтыса, ол тірі тілдердің қатарында деп есептеледі. Бірақ ол тіл мемлекеттің стандарт тілі болмаса, оның тірі тілдер арасындағы өміршең болатындығын айту қиын. Стандарт тіл, мемлекеттің мүддесіне қызмет жасайтын тіл, бес құндылыққа, азаматқа отбасына, ұлтқа, мемлекетке, руханиятқа қызмет жасайтын тіл. Осы бес құндылықтарға қызмет жасай алмайтын тіл стандарт тіл деп есептелмейді. Көптеген елдердегі отарлау саясатының бір әдісі, олар бір елдің жергілікті тілін жоққа шығармайды, бірақ оны таптық тіл етеді. Жоғары және төменгі таптық тілдер бар. Жоғары таптық тілдер ол саяси, экономиялық істердегі үстем тіл, мәселен, қазіргі кезде мемлекеттің саяси шешімдері ағылшын тілінде жүріп тұрады. Жергілікті тіл төменгі этапта стандарттық тілге жетпейді, өміршең бола алмайды. Шағын аймақтарда, әрі кетсе аудандық, облыстық тіл болып қала береді. Соған байланысты африкаанс тілі де, оның саны 15–23 миллионға жетсе де, ол оңтүстік Африканың өзінде үшінші тіл болып есептеледі, стандарттық статусқа деңгейі жетпеген. Оны тірі тіл, өміршең тіл, келешекте жойылмайтын тіл деп айту қиын.

Әлемдегі үлкен тілдердің ішінде жарысып келе жатқан тілдердің саны көп емес. «Әлемдік тіл» деген ұғым XVII ғасырларда отарлау саясатының өріс алуымен байланысты, сол кезде әсіресе Еуропаның елдері Африка Азия елдері отарлай бастаған еді. Әлемдік тіл дегенде, отарлау саясаты әрқашан тиімді өз жемісін берген жоқ. Кеңес үкіметі, коммунистер отарлау арқылы күштеп 15 республиканы, өзіне бағынышты коммунистік елдерге орыс тілін енгізсе де, қазір күрт төмендеп бара жатыр. Бір жағынан отарлаудың экономикасының табиғи өсуіне, мәдениетінің табиғи түрде өрістеуіне мүмкіндік беру керек, коммунизм кезінде адамдарға қысым көрсетіліп, ешқандай мүмкіндік берілмеді. Капиталистік елдерде керісінше, адамдардың еркін өмір сүруге, еркін шығармашылықпен айналысуға, еркін сауда жасап, материалдық жағдайын көтеруге мүмкіндігі болды. Адамның еркіндігін шектемеу арқылы, оларға деген ішкі сенім артуының арқасында, олардың рухани, мәдени дамуына, экономиканы көтеруіне мүмкіндігі пайда болады. Бүгінгі күнде әлемдік тіл, ол ағылшын тілі. Қытайда 1 млрд 400 млн адам қытай тілінде сөйлегенмен, олар тұтастай мандарин диалектісінде сөйлемейді. Тілдің әлемдік тіл болуы адам санымен есептелмейді, ол адамның руханиятының еркін дамуға мүмкіндік алуына, адамның экономика саласында үлес қосуына мүмкіндік туғызу. Кезінде үлкен отарлау саясатын ағылшындар жүргізсе де, қазір ағылшын тілі басқаша бір статуспен, басқа ұлттардың саясатымен еркін даму жолына түскендіктен, әлем тілі болып отыр.